

# **Жылжымайтын мүлікті жалдау туралы**

**№\_\_\_\_\_ шарт**

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын «City Transportation Systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Г.Ж. Тажиев бір тараптан, және бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ өзге тараптан, екеуі бірге «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталып, осы жылжымайтын мүлікті жалдау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасып, төмендегі туралы келісімге келді:

## **1. ШАРТ МӘНІ**

1.1. Жалға беруші Жалға алушыға осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшаға сәйкес жылжымайтын мүлікті (бұдан әрі – Объект) уақытша өтеулі иеленуге және пайдалануға (жалдауға) береді, ал Жалға алушы жалдау ақысын уақтылы төлеуге және осы Шартта көзделген өзге де талаптарды орындауға міндеттенеді.

1.2. Жалға беруші Объектілердің оған \_\_\_\_\_ негізінде тиесілі екенін хабарлайды және кепілдік береді.

1.3. Объектілер Жалға алушыға ақылы негізде автомобильдер тұрағы (тұрақ) нысаналы мақсатына сәйкес беріледі.

## **2. ЖАЛДАУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ МҮЛІКТІ БЕРУ**

2.1. Жалға берушінің Объектілерді Жалға алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға беруін Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Объектілерді қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы ресімдейді.

2.2. Жалдау мерзімі: Тараптар объектілерді қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап 11 (он бір) ай.

Жалдау ақысын төлеудің басталу күні: Шарттың 3.2-тармағына сәйкес.

2.3. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімін ұзартқан жағдайда, Жалға алушы Шартқа қосымша келісімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жылжымайтын мүлікпен байланысты мәмілелерді тіркеуге үәкілетті органдарда Шартты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға міндеттенеді. Шартты тіркеу бойынша шығыстарды Жалға алушы көтереді.

2.4. Жалдау мерзімі аяқталған күні немесе Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған күні өзге негіздер бойынша Жалға алушы Объектілерді босатып, Жалға берушіге қайтаруға міндетті. Объектілерді қайтару осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Объектіні қайтару туралы актіге қол қою арқылы ресімделеді. Тараптар қол

қойған күннен бастап Объектіні қайтару туралы акт Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оған қол қою Жалға алушының жалдау мерзімі аяқталған күнге немесе өзге негіздер бойынша осы Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған күнге Объектілерді Жалға берушіге нақты қайтарғанын күәландырады. Объектіні қайтару туралы актіге Тараптар жалдау мерзімі аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде немесе Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде қол қоюы тиіс.

2.5. Өз міндеттерін тиісінше орындаған Жалға алушының Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өзге де тең жағдайларда басқа адамдар алдында жаңа мерзімге мүліктік жалдау шартын жасасуға басым құқығы болады. Жалға алушы Жалға берушіні осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей жалдау шартын жасасуға ниет білдіргені туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Жаңа мерзімге шарт жасасу кезінде шарттың талаптары тараптардың келісімі бойынша өзгертуі мүмкін.

2.6. Жалға берушінің өз қалауы бойынша Шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға және Объектілерді жалдауға бастамашылық жасауға құқығы бар.

2.7. Егер Жалға алушы шарт мерзімі өткеннен кейін Объектілерді пайдалануды жалғастырса, Жалға алушы тарапынан қарсылықтар болмаған кезде Шарт сол шарттарда белгісіз мерзімге жаңартылған болып есептеледі. Бұл ретте, Тараптардың әрқайсысы бұл туралы екінші Тарапқа кемінде 3 (үш) ай бұрын жазбаша ескерте отырып, кез келген уақытта шарттан бас тартуға құқылы.

### **3. ЖАЛДАУ АҚЫСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ТӨЛЕМДЕР**

3.1. Айна мүлікті жалдау ақысы ҚҚС қоса есептегендеге \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) тенгені құрайды.

3.2. Жалға берушінің жалдау ақысын алғашқы есептеуі Тараптар Объектіні қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік ай ішінде жүргізіледі және Жалға алушы Объектілерді нақты босатқан және Объектіні қайтару туралы акт бойынша оны Жалға берушіге қайтарған күннен бастап тоқтатылады.

3.3. Жалға алушы жалдау ақысының сомасын осы Шарттың 11-тарауында көрсетілген Жалға алушының есеп айырысу шотына төлем шотын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде 100% мөлшерінде алдын ала төлем тәртібімен ай сайын төлейді. Төлем шотын Жалға алушы алдын ала төлем жүзеге асырылатын айдың бірінші күннен ерте қоймауга тиіс.

3.4. Осы Шарт шенберінде бір есептік кезең (ай) тиісті айдағы күндердің күнтізбелік санын құрайды. Егер есеп айырысу кезеңінде Объектілерді жалдау қызметтері бір айдан аз мерзімге көрсетілсе, төлем есеп айырысу кезеңі (айы) үшін жалдаудың нақты уақыты үшін жүргізіледі.

3.5. Егер есеп айырысу кезеңінің басталуы демалыс немесе мереке күндеріне келетін болса, төлем демалыс немесе мереке күндерінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүзеге асырылады.

3.6. Жалға алушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап және 5 жұмыс күні ішінде Жалға берушінің осы Шарттың 11-бөлімінде көрсетілген есеп шотына осы Шарттың орындалуын қамтамасыз ету және Жалға алушы келтірген материалдық залалды өтеу ретінде бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде кепілдік ақшалай жарнаны (депозитті) енгізуге міндетті.

3.7. Жалға берушінің кепілдік ақшалай жарнаны (депозитті) қайтаруы осы Шарт бұзылған сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде Жалға алушы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған және жжалға беруші тарауынан ескертулер болмаған жағдайда Жалға алушының Шарттың 11-тарауында көрсетілген есеп шотына жүзеге асырылады.

3.8. Жалға берушінің осы Шарт бойынша жалдау ақысының мөлшерін әрбір күнтізбелік жылдың басында, бірақ жылына бір реттен жиі емес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдыңғы күнтізбелік жылға белгілеген инфляция деңгейіне ұлғайтуға құқығы бар. Бұл ретте, Тараптар Шартқа қосымша келісімге қол қояды, ал Жалға беруші Жалға алушыны нақты өзгеріске дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын төлем шарттарының өзгеретіні туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

3.9. Есепті кезең аяқталғаннан кейін, есептің айдан кейінгі айдың 10-күннен кешіктірмей Жалға беруші Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін ұсынады. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі айдың соңғы күнімен белгіленуге және көрсетілген қызметтер тізбесінің толық және нақты сипаттамасын қамтуы тиіс. Жалға алушы Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін алған күннен бастап үш күн мерзімінде оған қол қоюға және Жалға берушінің данасын қайтаруға міндетті.

3.10. Тараптар ай сайын әр күнтізбелік айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша өзара есеп айырысулады салыстырып тексеруге міндеттенеді. Жалға беруші Өзара есеп айырысулады салыстыру актісін жасайды, оны Жалға алушыға жолдайды. Жалға алушы Өзара есеп айырысулады салыстыру актісін алған күннен бастап үш күн мерзімде оған қол қойып, Жалға берушінің данасын қайтаруға міндетті.

## **4. ЖАЛҒА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **4.1. Жалға алушының міндеттері:**

4.1.1. осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Жалға берушіден осы Шарттың талаптарында Қабылдау-беру актісі бойынша Объектілерді қабылдау;

4.1.2. осы Шарттың талаптарына сәйкес мөлшерде және мерзімде жалдау ақысын төлеу;

4.1.3. жалға алу мерзімі аяқталған күні немесе өзге негіздер бойынша Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған күні Жалға алушы Объектіні қалыпты тозуын ескере отырып, одан әрі пайдалануға жарамды күйде қайтару туралы акт бойынша Объектілерді Жалға берушіге қайтаруға міндеттенеді;

4.1.4. жалға алу мерзімі аяқталған кезде немесе өзге негіздер бойынша Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған күні Объектілер уақтылы босатылмаған жағдайда Объектіні мерзімнен тыс нақты пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеу;

4.1.5. жалға алғынған Объектілерді толығымен жалдауға (қосалқы жалдауға) беру, осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғага беру туралы шешім қабылданған, жалданған Объектілер пайдаланудың қандай да бір нысандарында берілген жағдайда Жалға берушінің келісімін алу. Көрсетілген жағдайларда шарт бойынша Жалға берушінің алдында Жалға алушы жауапты болып қалады;

4.1.6. Жалға берушінің Объектілеріне өз құқықтарын кепілге бермеу және оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде енгізбей;

4.1.7. Тараптармен келісілген мерзімдерде Жалға беруші жалға берген Объектілерге өз есебінен күрделі жөндеу жүргізу;

4.1.8. жалға алғынған Объектілерді тиісті жағдайда ұстай, өз есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және мұлікті күтіп-ұстай шығындарын көтеру;

4.1.9. осы Шартқа қол қойылғаннан және Объектіні қабылдау-беру актісі бойынша Объектілерді қабылдағаннан кейін Объектілерді күтіп-ұстаяuga байланысты міндеттемелер мен шығыстарды (электр энергиясы, жинау, техникалық қызмет көрсету, қоқыс шығару, орташа және күрделі жөндеу, таңбалар салу, жол жүрісі белгілерін, айналарды сатып алу және монтаждау және Объектілермен байланысты басқа да шығыстар) өз бетінше өз қаржаты есебінен көтеру;

4.1.10. Жалға алушы тұрақ аймақтарында орнатылатын автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерге тұрақты қызмет көрсетуді және істен шығуға төзімділікті қамтамасыз етеді;

4.1.11. жалға алғынған Объектілер үшін зиянсыз бөлінбейтін жақсартулар жасалған жағдайда, сондай-ақ мұндай жақсартулар Объектілердің нысаналы (функционалдық) мақсатын өзгерткен жағдайларда Жалға берушінің келісімін алу;

4.1.12. Объектілерді иелену және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңнамасының талаптарын қамтамасыз ету және сақтау;

4.1.13. қалалық шұғыл әрекет ету қызметтерін (полиция, өрт сөндіру қызметі, коммуналдық авариялық қызметтер және т.б.) паркингтерде, іргелес және жақын тұрған ғимараттарда төтенше жағдайлардың, өрттердің, су басудың туындауы, бөгде адамдардың паркинг аумағына және тұрғын емес үй-жайларға кіруі туралы дереу хабардар ету;

4.1.14. бақылаушы және тексеруші органдардың үйгарымдарын, олардың Жалға алушыға және (немесе) Жалға берушіге жіберілген жазбаша нұсқауларын белгіленген мерзімде орындау;

4.1.15. Объектілердің өртке қарсы қауіпсіздік жүйесіне қызмет көрсететін компаниямен шарт жасасу;

4.1.16. Жалға берушінің мүлкін күзетуді және тәулік бойы өткізу режимін қамтамасыз ету;

4.1.17. тұрақ орындарын жалға алу қызметтерін ұздіксіз және тиісті сапада көрсетуді қамтамасыз ету;

4.1.18. Жалға берушінің мүлкіне зақым кез келтірген авариялық жағдайлар туралы Жалға берушіге дереу хабарлау және осындай зақымданулар мен жағдайларды болдырмау және жою бойынша барлық ықтимал шараларды уақтылы қабылдау;

4.1.19. осы Шарттың 6.1 және 6.3-тармақтарын басшылыққа ала отырып, тұрақ орындарын жалға алушылар үшін белгіленетін ай сайынғы жалдау ақысына тарифті Жалға берушіге келісуге жіберу;

4.1.20. осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жалға берушінің (Жалға берушінің) объектілеріне қызмет көрсететін ұйымдармен шарттар жасасу (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар және т.б.);

4.1.21. осы Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Жалға алушы қалыпты тозуды және осы Шарттың 4.1.23 және 6.10-тармақтарының талаптарын ескере отырып, Объектілерді Жалға берушіге алған күйінде қайтаруға міндетті;

4.1.22. Жалға алушы Шарттың қолданылу мерзімі өткен немесе себептеріне қарамастан оны бұзған жағдайда Объектілердегі барлық бөлінетін жақсартуларды жұмыс жағдайында Жалға берушіге беруге міндеттенеді;

4.1.23. Жалға алушының қандай да бір қызметін жүзеге асыру үшін қандай да бір лицензиялар және / немесе рұқсаттар алу қажет болған жағдайда Жалға алушы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес осындай лицензияларды және/немесе рұқсаттарды өз бетінше алуға міндеттенеді;

4.1.24. жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарau, олар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде тиісті шаралар мен шешімдер қабылдау;

4.1.25. Астана қаласы әкімдігінің iKomek 109 бірыңғай байланыс орталығымен жұмыс бойынша жауапты тұлғаны тағайындау. Бұл ретте, Жалға алушы iKomek 109 орталығымен келіп түскең өтініштерді (шағымдар, ұсыныстар, сұраулар және т.б.) пысықтау бойынша өзара іс-қимыл регламентін әзірлең, қол қоюы қажет.

## **4.2. Жалға алушының құқықтары:**

4.2.1. Жалға берушінің келісімі бойынша бөлінетін жақсартуларды жабдықтау және орындау;

4.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалға берушімен, уәкілетті органдармен және нысаналы (функционалдық) мақсатының өзгеруіне байланысты құқықтары мен мүдделері қозғалатын басқа да мүдделі тұлғалармен алдын ала келісілгенен кейін осы Шарттың 4.2.3-тармағына сәйкес Объектілердің нысаналы (функционалдық) мақсатын өзгерту;

4.2.3. Жалға беруші Объектілерінің нысаналы (функционалдық) мақсатын өзгертуге Қазақстан Республикасының заңнамасымен Объектілерде рұқсат етілген қызмет түрлері үшін жол беріледі.

## 5. ЖАЛҒА БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 5.1. Жалға берушінің міндеттері:

5.1.1. осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Объектіні қабылдау-бери актісі бойынша Объектілерді Жалға алушыға беру және Жалға алушының Объектілерді осы Шарттың талаптарына сәйкес пайдалануына кедергі жасамау.

### 5.2. Жалға берушінің құқықтары:

5.2.1. Жалға алушыдан осы Шарттың талаптарына сәйкес мерзімдер мен мөлшерде жалдау ақысын уақтылы төлеуді талап ету;

5.2.2. осы Шарттың 7-тарауында көзделген айыппұл санкцияларының сомаларын Жалға алушы төлеуге тиіс сомалардан ұстап қалу;

5.2.3. осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

5.2.4. Жалға беруші жалға алушының қызмет көрсету сапасын, Жалға беруші объектілерін ұсташа тәртібі мен жай-күйін осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде тәуліктің кез келген уақытында мерзімдік тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

## 6. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР

6.1. Осы шарт жасалғанға дейін Жалға беруші белгілеген тұрақ орындарын жалға беру қызметтеріне тарифтер болған кезде Жалға алушы Объектіні қабылдау-бери актісі бойынша объектілерді Жалға алушы берген күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде осы Шарттың 6.15-тармағының талаптарын ескере отырып, осы Шарт жасалғанға дейін Жалға беруші белгілеген тұрақ орындарын жалға беру қызметтеріне тарифтерді өзгертуді жүзеге асырмауға міндеттенеді.

6.2. Жалға алушы жылына 1 (бір) реттен аспайтын көлемде Жалға берушіге пайдаланушыларға арналған тұрақ орындарын жалға беру қызметтерінің тарифін ұлғайтуды келісу үшін негізделген есептеулерді қоса бере отырып, сұрау жіберуге құқылы.

Бұл ретте, Жалға берушіге келісуге жіберілетін тарифтің мөлшері қолданыстағы тарифтің 30%-ынан артық ұлғайтыла алмайды.

6.3. Жалға беруші жаңа тарифті келіспеген жағдайда, Жалға алушы тұрақ орындарын жалдаудың ай сайынғы ақысының жаңа тарифі бекітілген сәтке дейін бұрын келісілген қолданыстағы тарифті қолдануға міндеттенеді.

6.4. Жалға алушы Объектілерді күзету мен тәулік бойы өткізу режимін, сондай-ақ меншік иелерінің тұрақ орындары мен тұрғын емес үй-жайларға кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6.5. Жалға алушы берілген Объектіні тек оның нысаналы мақсатына сәйкес иеленуге және пайдалануға міндеттенеді.

6.6. Жалға алушы Объектілерді иелену және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңнаманың талаптарын қамтамасыз етуге және сақтауға міндеттенеді.

6.7. Жалға алушы қадағалау және бақылау органдарының талаптарын, сондай-ақ жалға берілетін Объектілерге қатысты қолданылатын салалық қағидалар мен нормаларды қамтамасыз етуге және сақтауға міндеттенеді. Кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын, сондай-ақ Объектілердің сақталуына, Объектілер орналасқан аумақтың экологиялық және санитариялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларға жол бермеу және жою жөнінде шаралар қабылдау туралы бақылаушы органдардың нұсқамаларын белгіленген мерзімде орындау.

6.8. Жалға алушы Жалға берушінің жүйесіне ([parking.transcard.kz](http://parking.transcard.kz)) қосылу үшін тұрақ орындарын жалға беру бойынша жалға берушінің барлық қажетті шараларын орындауға міндеттенеді.

Жалға берушінің тұрақ орындарын жалға беру жөніндегі жүйесіне (сайтына) қосу жөніндегі іс-шараларды өткізу кезеңінде Жалға алушы тұрақ орындарын жалға алушыларды берілген Объектілерде тұрақ орындарын жалға беру жөніндегі жүйеде (сайтта) жалға алу мүмкіндігі іске қосылғанға дейін жалдау ақысын төлеудің баламалы әдістерімен және өзге де іс-қимылдармен қамтамасыз етуге міндетті.

6.9. Жалға алушы Жалға берушінің Объектілерін иеленуді және пайдалануды (жалға аруды) жүзеге асыру кезінде Объектіні қабылдау-беру актісі бойынша Жалға берушіден Объектілерді алған сәттен бастап 6 (алты) ай ішінде келесі техникалық мүмкіндіктері бар (олармен шектелмей) жабдықтарды орнатудың жоспар-кестесіне (осы Шартқа № 4 қосымша) сәйкес автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатуға міндетті:

- МТНБ (мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін) тану және тұрақ аймағына кіруді бақылау (қара және ақ тізімдер);

- тұрақ жабдығы мыналарды қамтуы тиіс (олармен шектелмей): шлагбаумдар жиынтығы, кіру станциясы, шығу станциясы, тұрақ жабдығының жұмысына арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда POS-жүйесі бар төлем терминалы, қажетті басқару блоктары мен жиынтықтауыштары, автоматты қақпадағы фотоэлементтер, МТНБ тану жүйесі, диспетчермен байланыс жүйесі, (операторды штаттан тыс жағдайлар туралы хабардар ету модулі);

- тұрақ жабдықтары мен оның бағдарламалық жасақтамасы өндіруші тарапынан ашық, сондай-ақ барлық жалға алынған Объектілер үшін бірдей (бірынғай) және Жалға берушінің жүйелері мен сайттарына интеграциялану мүмкіндігі бар болуы тиіс;

- осы есептерді түсіру және жүйені талап ету бойынша Жалға берушінің платформасымен біріктіру мүмкіндігімен статистикалық және өзге

де есептерді алу үшін Жалға берушінің уәкілетті өкілдері (қызметкерлері) үшін есептік жазбалардың болуы;

- Жалға берушінің талабы бойынша ақпараттық жүйеде тарифтерді өзгерту және көрсету мүмкіндігі (сағат бойынша, күн, түн, резерві/кестесі бар абонемент, аймақтар бойынша көп тарифтілік, айыппұлдар, жеңілдіктер жүйесі және т.б.);

- сақтау мерзімі кемінде 1 (бір) ай болатын бейне файлдарды көру және жазу үшін Жалға берушіге рұқсат бере отырып, әрбір паркингте жеке бейнебақылау жүйелерінің болуы;

6.10. Жалға алушы автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатқаннан кейін Жалға берушімен осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жабдықты орнату және іске қосу актісіне қол қоюға міндетті.

6.11. Осы Шарттың қолданылуы кез келген негіз бойынша тоқтатылған жағдайда, Объектіні иелену және пайдалану (жалға алу) кезінде Жалға алушы жүргізген не белгілеген барлық жақсартуларға меншік құқығы (оның ішінде бағдарламалық-аппараттық кешендерге, олардың жинақтауыштарына, шығыс материалдарына, бағдарламалық қамтамасыз етуге айрықша құқықтар және т.б.) Жалға берушіге ауысады.

6.12. Жалға алушының бағдарламалық-аппараттық кешендері мен бағдарламалық жасақтамасын Жалға берушінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау кезінде Жалға алушы Жалға беруші жүйелерінің қауіпсіздігі мен сақталуына толық жауапты болады.

6.13. Тараптар арасындағы қатынастарда Жалға алушы Жалға берушіні Жалға алушының тұрақ орындарын жалға беру қызметтерін ұсыну жөніндегі өз міндеттемелерін және үшінші тұлғалар алдындағы өзге де міндеттемелерді орындауына байланысты келтірілген наразылықтардан, жауапкершіліктен және залалдан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құзыретті органдарының талаптарынан қорғайды.

6.14. Жалға беруші Жалға алушының үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалға алушы осы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындауына байланысты үшінші тұлғалар мен тексеруші органдар алдында дербес жауапты болады. Үшінші тұлғалар берілген Объектілерге байланысты Жалға берушіні жауапкершілікке тартқан жағдайда (ақша қаражатын өндіріп алу, айыппұл салу, уәкілетті органдардың бұзушылықтар жөніндегі үйғарымдары және т.б.) Жалға алушы өз қаражаты есебінен Жалға берушінің шығындары мен келтірілген залалын жабуга міндеттенеді.

6.15. Жалға алушы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін тұрақ орындарын жалға беру қызметтеріне тарифтерді белгілеу және қолдану бөлігінде барлық тәуекелдерді және толық жеке-дара жауапкершілікті өзіне алады.

6.16. Жалға алушы өзіне осы Шарт жасалған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде Жалға берушімен талап ету құқығын (цессияны) басқаға беру туралы шарт жасасуға және Жалға берушінің тұрақ орындарын жалға алушылармен

жасасқан қолданыстағы жалдау шарттарының талаптарын олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгертуеуге міндеттеме алады.

6.17. Объектінің (Объектілердің) нысаналы мақсаты өзгерген кезде Жалға алушы уәкілетті органдардан нысаналы мақсатын өзгертуге рұқсат алу жөніндегі рәсімдерді жүргізуге және осы өзгерістерді Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркеуге міндетті. Осы рәсімдерді жүргізуге байланысты шығыстарды Жалға алушы көтереді.

## 7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны және/немесе тиісінше орындағаны үшін Тараптар Шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы занамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Төлем мерзімдерін бұзғаны үшін Жалға беруші Жалға алушыдан мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін төлеуге жататын соманың 0,1% (оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.3. Жалға алушы осы Шарттың 6.9-тармағында көзделген жабдықты орнату мерзімін бұзған жағдайда, Жалға алушы Жалға берушіге негізгі айлық жалдау төлемінен басқа, бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде айыппұл төлейді. Мерзім қайталанған және одан кейінгі әрбір бұзылған кезде айыппұл мөлшері екі есе артады. (Мерзімі өткен бірінші айда бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде, мерзімі өткен екінші айда екі айлық жалдау ақысы мөлшерінде, мерзімі өткен үшінші айда төрт айлық жалдау ақысы мөлшерінде және өсім бойынша).

7.3.1. Жалға алушы Жабдықты орнатудың жоспар-кестесіне сәйкес (осы Шартқа №4 қосымша) жабдықты орнату жөніндегі мерзімдердің сақталмағаны туралы дәлелді және құжаттамалық расталған жауапты ( себептерді) ұсынған жағдайда, Жалға беруші уәкілетті органның шешімі бойынша жоспар-кестенің мерзімдерін қайта қарап, ұзарта алады.

7.4. Жалға беруші Жалға алушының берілген Объектілердің тиісті жай-күйін қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Жалға алушы күнтізбелік 30 күн ішінде анықталған бұзушылықтарды жоюға міндетті. Жою мерзімдерін Жалға беруші ұзарта алады.

Егер Жалға алушы көрсетілген мерзімде бұзушылықтарды жоймаса, Жалға беруші Жалға алушыдан мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін айлық жалдау ақысының сомасынан 0,1% (оннан бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлеуді есептеуге және талап етуге құқылы.

Жалға алушы бұзушылықтарды жою мерзімдерін 2 (екі) реттен артық бұзған жағдайда, Жалға берушінің осы Шартты біржакты тәртіппен бұзуга құқығы бар.

7.5. Осы Шартта көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеу Тараптарды қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындаудан босатпайды.

7.6. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жалға алушы немесе үшінші тұлғалар Жалға берушінің Объектілеріне залал келтірген жағдайда, Жалға алушы Тараптар келіскең мерзімде нақты залалды өтеуге міндетті.

7.7. Егер осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Объектілердің жай-күйі негіздердің кез келгені бойынша осы Шарттың 4.1.21-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе, Жалға алушы Жалға берушіге келтірілген залалды өтейді. Бұл ретте, залалды бағалауға арналған шығыстарды Жалға алушы көтереді.

7.8. Тараптардың осы Шартқа байланысты үшінші тұлғалар алдындағы міндептемелері ортақ және субсидиарлық болып табылмайды.

7.9. Өзге жағдайларда тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы занамасына сәйкес айқындалады.

## **8. ШАРТТЫ МЕРЗІМІНЕҢ БҰРЫН БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

8.1. Тараптар осы Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Объектілерді берген сәттен бастап 11 ай өткенге дейін осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы емес.

8.2. Жалға алушы Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда, Жалға беруші өзі үшін қандай да бір қаржылық салдарсыз, сotttan тыс біржақты тәртіппен Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы, онымен Жалға алушы осы Шартқа қол қою арқылы келіседі. Жалға алушының Шарттың елеулі талаптарын бұзыу келесі бұзушылықтардың бірі болып табылады:

8.2.1. егер Жалға алушы жалдау ақысын төлеу мерзімін 2 (екі) реттен артық бұзса;

8.2.2. Жалға алушының Объектіні осы Шартта көзделмеген мақсаттар үшін Жалға берушінің жазбаша келісімінсіз пайдалануы;

8.2.3. егер Жалға алушы қасақана немесе абайсызда Жалға алушы берген Объектілерді айтарлықтай нашарлатса.

8.3. Шарттың 8.2-тармағында көрсетілген жағдайларда Жалға беруші Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарламаны Жалға берушіге Шарттың бұзылу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жіберуге міндетті. Бұл жағдайда Шартты бұзу туралы жеке жазбаша келісім талап етілмейді. Жалға алушы хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң басталған күн Шартты бұзу күні болып табылады. Бұл ретте Жалға алушы осы Шартта көзделген мерзімдерде Объектілерді босатуға және Жалға берушіге қайтаруға, Жалға берушінің алдында бар жалдау ақысы бойынша берешекті өтеуге міндетті.

8.4. Осы Шарт Жалға алушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда Жалға алушы Жалға берушіге жазбаша хабарламаны бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күн бұрын жіберуге міндетті.

Бұл ретте, Жалға алушы Жалға берушіге Шартты бұзу және Объектілерді босату басталғанға дейін ай сайынғы жалдау төлемдерінен басқа осы Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген 3 айлық жалдау ақысы мөлшерінде айыппұлды осы

Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама Жалға берушіге жіберілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

## **9. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

9.1. Егер міндеттемелерді орындаудың мүмкін болмауы дүлей зілзаларап, соғыстар, қарулы қақтығыстар, жаппай азаматтық тәртіпсіздіктер, эпидемиялар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, мемлекеттік билік органдарының шешімдері сияқты еңсерілмейтін күш жағдайларының (бұдан әрі мәтіні бойынша Жағдайлар) салдары болып табылса, олар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудына тікелей әсер еткен жағдайда, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

Бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары әрекет еткен уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.

9.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп Шарт жасасқаннан кейін Тараптар күтпеген және алдын алуға болмайтын оқигалар нәтижесінде туындаған жағдайлар түсініледі.

9.3. Еңсерілмейтін күш жағдайларын сауда-өнеркәсіп палатасы және/немесе өзге де құзыретті орган тиісті түрде растауға тиіс.

9.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларына:

- Тараптардың қасақана әрекеттерінен туындаған оқигалар;
- Шарт бойынша өз міндеттемелерін адал орындайтын Тарап болжай алатын және жене алатын оқигалар;
- қолма-қол ақшаның болмауы және/немесе төлемді жүзеге асырмая жатпайды.

9.5. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауда осы жағдайлардың нәтижесінде кедергілерге тап болған Тарап екінші Тарапты осы жағдайлардың туындағаны туралы жазбаша хабардар етеді және күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш жағдайларының фактісін растайтын құжатты ұсынады. Осы тармақтың талаптарын, оның ішінде хабарландыру және құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзған Тарап еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасау құқығынан айырылады.

9.6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Шарттың қолданылуы осында жағдайлардың қолданылу мерзіміне толық көлемде немесе ішінара тоқтатыла түруы мүмкін. Егер жағдайлар қатарынан 60 (алпыс) күнтізбелік күннен артық жалғаса берсе және тоқтау белгілері болмаса, Тараптар бірлескен шешіммен одан әрі іс-қимылдарды айқындайды, Шартты тоқтата тұрады және/немесе тоқтатады.

## **10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

10.1. Шарттың талаптары құпия сипатқа ие және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей белгіленген

жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз жария етуге жатпайды.

10.2. Тараптар осы Шарттан немесе онымен байланысты туындауы мүмкін кез келген даулар мен келіспеушіліктерді сottan тыс тәртіппен келіссөздер арқылы достық тәсілмен шешу үшін барынша күш салады. Даулар мен келіспеушіліктерді мұндай реттеу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешу үшін Астана қаласының мамандандырылған ауданараптық экономикалық сотына беріледі.

10.3. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалса, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса және олардың қолдары Тараптардың мөрлерімен куәландырылса ғана жарамды деп есептеледі.

10.4. Тараптардың Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

10.5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына байланысты осы Шарттың қандай да бір бабының немесе ережесінің жарамсыздығы Шарттың тұтастай жарамсыздығына әкеп соқпайды. Бұл жағдайда осы Шарттың қалған балтары мен ережелері олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін дәрежеде қолданылады.

10.6. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

10.7. Шарт тең занды күші бар орыс тілінде 3 (үш) түпнұсқа данада, әрбір Тарап үшін бір данадан және тіркеуші орган үшін 1 (бір) дана жасалып, қол қойылды.

## 11. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

### ЖАЛҒА БЕРУШІ

«City Transportation Systems»  
ЖШС  
Астана қ., Бейбітшілік к., 9  
БСН 110540005586  
БСК HSBKKZKX  
ЖСК KZ806017111000011640-KZT  
«Қазақстан Халық банкі» АҚ  
Тел.: 8 (7172) 577 177

### ЖАЛҒА АЛУШЫ

«\_\_\_\_\_»  
Астана қ., \_\_\_\_\_ к.  
БСН \_\_\_\_\_  
БСК \_\_\_\_\_  
ЖСК \_\_\_\_\_  
«Қазақстан Халық банкі» АҚ  
Тел.:

---

қолы М.О.

---

қолы М.О.



Жылжымайтын мүлікті жалға  
берудің (жалдаудын)  
2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_ шартына  
№1 қосымша

**Жалға берілетін жылжымайтын мүліктің тізбесі**

<b>№</b>	<b>Мүлік атауы</b>	<b>Тұрақ орындарының саны</b>	<b>Жалпы ауданы (ш.м)</b>
1			
2			
3			
4			

**ЖАЛҒА БЕРУШІ  
(ЖАЛДАУҒА БЕРУШІ):  
«City Transportation Systems»  
ЖШС**

**(ЖАЛҒА АЛУШЫ)  
ЖАЛДАУШЫ:**

**Басқарма төрағасы**

\_\_\_\_\_ F. Тәжиев \_\_\_\_\_

Жылжымайтын мүлікті жалға  
берудің (жалдаудың)  
2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_ шартына  
№2 қосымша

## Объектіні қабылдау-беру актісінің нысаны

Астана қ.

2023 ж. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Бұдан әрі «Жалға беруші (Жалдауға беруші)» деп аталатын «City Transportation Systems» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Ф.Ж. Тәжиева бір тараптан және бұдан әрі «Жалға алушы (Жалдаушы)» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ өзге тараптан, екеуі бірге «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып,

- Тараптар арасында жасалған жылжымайтын мүлікті жалға берудің (жалдаудың) 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ шартын (бұдан әрі – Шарт);

- оған сәйкес Жалға берушінің (Жалдауға берушінің) Объектіні Жалға алушыға (Жалдаушыға) уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға алуға) беруін Тараптар №2 қосымшага сәйкес нысан бойынша Объектіні жалға (жалдауға) қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы ресімдейтін Шарттың 2.1-тармағын **НАЗАРГА АЛА ОТЫРЫП**,

Тараптар төмендегілер туралы Объектіні жалға қабылдау-берудің осы актісін (бұдан әрі – Акт) жасады:

1. Осы актіге қол қою кезінде Жалға беруші (Жалдауға беруші) Объектілерді басқару мақсатында осы Актіге қосымшага сәйкес \_\_\_\_\_ (саны) \_\_\_\_\_ (объектінің типі) (бұдан әрі – Объектілер) жалдауды (жалға аруды) уақытша иеленуге және пайдалануға берді, ал Жалға алушы (Жалдаушы) қабылдады.

2. Осы актіге қол қою арқылы Жалға алушы (Жалдаушы) өзі беретін Объектінің қаралғанын, қандай да бір жарамсыздықтары (ақаулары) жоқ еkenін және Жалға алушының (Жалдаушының) Объектінің техникалық жай-күйіне қатысты Жалға берушіге (Жалдауға берушіге) шағымдары жоқ еkenін растайды.

3. Осы Акт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

4. Осы Акт бірдей занды күші бар орыс тілінде З (үш) түпнұсқа данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден және тіркеуші орган үшін бір дана жасалды.

5. Тараптардың атаулары, қолдары және мөрлері:

**ЖАЛҒА БЕРУШІ**  
**(ЖАЛДАУҒА БЕРУШІ):**

**ЖАЛҒА АЛУШЫ**  
**(ЖАЛДАУШЫ):**

«City Transportation Systems» ЖШС

Басқарма төрағасы

\_\_\_\_\_ F. Тәжиев

Директор

\_\_\_\_\_

Жылжымайтын мүлікті жалға  
берудің (жалдаудын)  
2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_ шартына  
№3 қосымша

## Объектінің қайтару туралы актінің нысаны

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Бұдан әрі «Жалға беруші (Жалдауға беруші)» деп аталатын «City Transportation Systems» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Ф.Ж. Тәжиева бір тараптан және бұдан әрі «Жалға алушы (Жалдаушы)» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ өзге тараптан, екеуі бірге «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып, мыналарды **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП**

- Тараптар арасында жасалған жылжымайтын мүлікті жалға берудің (жалдаудын) 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ шартын (бұдан әрі – Шарт);

- оның талаптарына сәйкес жалға алу (жалдау) мерзімі аяқталған күні немесе Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күні өзге негіздер бойынша Жалға алушы (Жалдаушы) Объектіні босатып, Жалға берушіге (Жалдауға берушіге) қайтаруға міндетті болатын Шарттың 2.5-тармағын. Объектіні қайтару №3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Объектіні қайтару туралы актіге қол қою арқылы ресімделеді. Объектіні қайтару туралы акт оған Тараптар қол қойған күннен бастап Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оған қол қою Жалға алушының (Жалдаушының) Объектіні Жалға берушіге (Жалдауға берушіге) нақты қайтарылуын күеландырады.

Тараптар төмендегілер туралы Объектіні қайтару туралы осы актіні (бұдан әрі – Акт) жасады:

1. Жалға алушы (Жалдаушы) осы Актіге қосымшаға сәйкес \_\_\_\_\_ (саны) \_\_\_\_\_ (объектінің типі) (бұдан әрі – Объект) қайтарды, ал Жалға беруші (Жалдауға беруші) қабылдады.

2. Жалға берушінің (Жалдауға берушінің) қайтарылатын Объектінің техникалық жай-күйіне қатысты Жалға алушыға (Жалдаушыға) наразылықтары жоқ.

3. Осы актіге қол қою арқылы Жалға алушы (Жалдаушы) Жалға берушінің (Жалдауға берушінің) Шартта және ҚР заңнамасында көзделген міндеттемелерін орындаудың қатысты Жалға берушіге (Жалдауға берушіге) қандай да бір шағымдары жоқ екенін раставиды.

4. Осы Акт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

5. Осы Акт бірдей занды күші бар 2 (екі түпнұсқа данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды).

6. Тараптардың атаулары, қолдары және мөрлөрі:

**ЖАЛҒА БЕРУШІ**

**ЖАЛҒА АЛУШЫ**

**(ЖАЛДАУҒА БЕРУШІ):**  
«City Transportation Systems» ЖШС  
Басқарма төрағасы  
\_\_\_\_\_ F. Тәжиев

**(ЖАЛДАУШЫ):**  
Директор  
\_\_\_\_\_

Жылжымайтын мүлікті жалға  
берудің (жалдаудың)  
2023 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_ шартына  
№4 қосымша

**КЕЛІСІЛДІ**  
**«City Transportation Systems» ЖШС**  
**Басқарма төрағасы**  
**Ғ.Ж. Тәжиев**

2023 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

**БЕКІТЕМІН**  
**«\_\_\_» ЖШС \_\_\_ лауазымы**  
**Т.А.Ә.**

2023 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

**Нысан**  
**Паркингерді бағдарламалық-аппараттық кешендермен (тұрақ жабдығымен) жарақтандырудың жоспар-кестесі**

<b>№</b>	<b>Іс-шара</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Аяқтау нысаны</b>
<b>1.</b>	Жабдықтарды, жиынтықтаушы және шығыс материалдарын жеткізу шартын жасасу		- жеткізу шартының көшірмесі
<b>2.</b>	Жабдықтарды, жиынтықтаушы және шығыс материалдарын жеткізу		- тауар-көлік жүккүжатының көшірмесі; - жүк-кеден декларациясының көшірмесі (Кеден одағының аумағына әкелінген жағдайда).
<b>3.</b>	Үәкілетті органдардан және басқа да мүдделі тұлғалардан монтаждауға рұқсат алу (іргелес үй-жайлар)		- рұқсат беру құжатының көшірмесі; - мүдделі тұлғалардың келісімін раставтың құжаттың көшірмесі.
<b>4.</b>	Жабдықтарды және коммуникациялық байланыс жүйелерін электрмен жабдықтау желілерін монтаждау		- жабдықты монтаждау туралы актінің көшірмесі;

			- орындалған жұмыстар актісінің көшірмесі (үшінші тұлғалар жалданған жағдайда);
5.	Тұрақ жабдығының элементтерін монтаждау		- жабдықты монтаждау туралы актінің көшірмесі; - орындалған жұмыстар актісінің көшірмесі (үшінші тұлғалар жалданған жағдайда);
6.	Тұрақ жабдықтарына арналған бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және интеграциялау		- орындалған жұмыстар актісінің көшірмесі (үшінші тұлғалар жалданған жағдайда);
7.	Серіктестік жүйелерімен және сайтымен интеграция		- Серіктестік сайтында жаңа функционалдың пайда болуы.

Жылжымайтын мүлікті жалға  
берудің (жалдаудың)  
2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_ шартына  
№ 5 қосымша

## Жабдықты орнату және іске қосу актісінің нысаны

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Бұдан әрі «Жалға беруші (Жалдауға беруші)» деп аталатын «City Transportation Systems» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Ф.Ж. Тәжиева бір тараптан және бұдан әрі «Жалға алушы (Жалдаушы)» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ өзге тараптан, екеуі бірге «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып,

- Тараптар арасында жасалған жылжымайтын мүлікті жалға берудің (жалдаудың) 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ шартын (бұдан әрі – Шарт);

– оның талаптарына сәйкес Жалға алушы (Жалдаушы) бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатқаннан кейін Жалға берушімен (Жалдауға берушімен) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №5 қосымшага сәйкес нысан бойынша Жабдықты орнату және іске қосу актісіне қол қоюға міндетті болатын Шарттың 6.7-тармағын **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП**,

Тараптар төмендегілер туралы Жабдықты орнату және іске қосу туралы осы актіні (бұдан әрі – Акт) жасады:

1. Жалға алушы (Жалдаушы) келесі сандық және сапалық сипаттамалары бар жабдықты (бағдарламалық-аппараттық кешендерді) орнатты (монтаждады) және іске қости, ал Жалға беруші (Жалдауға беруші) оның орнатылу және іске қосылу фактісін растады:

№	Атауы	Сериялық номірі	Саны
1.			
2.			
3.			

2. Жалға берушінің (Жалдауға берушінің) жабдықтың (бағдарламалық-аппараттық кешендердің) техникалық жай-күйіне қатысты Жалға алушыға (Жалдаушыға) наразылықтары жоқ.

3. Осы актіге қол қою арқылы Жалға алушы (Жалдаушы) Жалға берушінің Шартта және ҚР заңнамасында көзделген міндеттемелерін орындауына қатысты Жалға берушіге (Жалдауға берушіге) қандай да бір шағымдары жоқ екенін растайды.

4. Осы Акт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

5. Осы Акт бірдей занды күші бар 2 (екі түпнұсқа данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды).

6. Тараптардың атаулары, қолдары және мөрлөрі:

**ЖАЛҒА БЕРУШІ**  
**(ЖАЛДАУҒА БЕРУШІ):**  
«City Transportation Systems» ЖШС  
Басқарма төрағасы  
\_\_\_\_\_ F. Тәжиев

**ЖАЛҒА АЛУШЫ**  
**(ЖАЛДАУШЫ):**  
Директор  
\_\_\_\_\_

Жылжымайтын мүлікті жалға  
берудің (жалдаудың)  
2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ шартына  
№ 6 қосымша

## Техникалық регламент

Астана қ.

2023 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Бұдан әрі «Жалға беруші (Жалдауға беруші)» деп аталатын «City Transportation Systems» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Ф.Ж. Тәжиева бір тараптан және бұдан әрі «Жалға алушы (Жалдаушы)» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ өзге тараптан, екеуі бірге «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып,

- Тараптар арасында жасалған жылжымайтын мүлікті жалға берудің (жалдаудың) 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ шартын (бұдан әрі – Шарт);

- оған сәйкес Жалға алушы (Жалдаушы) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №6 қосымшага сәйкес мүлікті күтіп-ұстаудың техникалық регламентіне сәйкес жалға алынатын Объектіні тиісті техникалық жағдайда ұстауға, өз есебінен ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге, мүлікті күтіп-ұстау бойынша шығыстарды көтеруге міндеттенетін Шарттың 4.1.9-тармағын **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП**,

Тараптар төмендегі туралы осы Техникалық регламентті (бұдан әрі – Регламент) жасады:

1. Жалға алушы (Жалдаушы) Объектіні келесі сапалық сипаттамалары бойынша күтіп-ұстауға міндеттенеді:

№	Атауы	Тиісті техникалық жағдайы
1.	Паркингтің қасбеті	Әрлеу материалы бар; Визуалды ақаулар жоқ;
2.	Кіру / шығу жолдары	Тегіс жабын бар (асфальт / бетон); Автоматты шлагбаумдар жұмыс істейді;
3.	Автоматты кіру / шығу қақпалары	Жұмыс күйіндегі қақпа; Визуалды ақаулар жоқ;
4.	Паркингтің төбесі мен жабыны	Паркинг шатырының гидроқашаулауышы бар; Жауын-шашын кезінде төбeden су ақпайды;
5.	Паркинг еденінің төсемі	Жақсы көрінетін белгілердің болуы; Жабын тегіс, таза, визуалды ластанусыз;
6.	Паркингтен/ паркингке кіреберістен/кіреберіске кіру/шығу	Жұмыс істейтін есік жапқыштарының болуы; Жұмыс істейтін домофондардың болуы;
7.	Паркингті жарықтандыру	Жарықтандыру жұмыс істейді; Жұмыс істемейтін шамдар жоқ;
8.	Бейнебақылау жүйесі	Сақтау мерзімі кемінде 1 (бір) ай болатын бейнебақылау камералары жұмыс істейді;

9.	Өрт сөндіру жүйесі	Өрт дабылы жүйесі жұмыс істейді; Тұтін шығару жүйесі жұмыс істейді; Өрт сөндіру жүйесі жұмыс істейді;
10.	Желдету жүйесі	Желдету жүйесі жұмыс істейді.

2. Жалға алушы (Жалдаушы) осы Регламентке қол қою арқылы Жалға берушінің (Жалдауга берушінің) Объектісін көрсетілген сапалық сипаттамаларға сәйкес күтіп-ұстай бойынша міндеттемелерді қабылдауға келісім береді.

3. Осы Регламент Тараптар оған қол қойған күннен бастап қүшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

4. Осы Регламент бірдей занды күші бар 2 (екі) түпнұсқа данада, әрбір Тарап үшін бір-бірден жасалды.

5. Тараптардың атаулары, қолдары және мөрлері:

6.

**ЖАЛҒА БЕРУШІ**  
**(ЖАЛДАУҒА БЕРУШІ):**  
«City Transportation Systems» ЖШС  
Басқарма төрағасы  
\_\_\_\_\_ F. Тәжиев

**ЖАЛҒА АЛУШЫ**  
**(ЖАЛДАУШЫ):**  
Директор  
\_\_\_\_\_